

## 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 01 сәуірдегі N 115 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 22 сәуірде N 5-16-112 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қаңтардағы N 10 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012.01.24 N 10 қаулысымен.**

«Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 11 наурыздағы № 250 қаулысын іске асыру мақсатында «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңы 19 бабының 3 тармағын, 20 бабының 1 тармағын, 21 бабының 1 тармағын, 23 бабын, 44 бабының 1, 2 тармақтарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 8 тармақшасын басшылыққа алып, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі шақыру кезінде он сегіз жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ, сол сияқты жиырма жеті жасқа дейінгі шақыруды кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтарды 2011 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айлары кезеңде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскери қызметке шақыруды жүзеге асырсын.

2. Шақыруға арналған аудандық комиссияның құрамы 1-қосымшаға сәйкес

б е к і т і л с і н .

3. «Тарбағатай аудандық № 1 медициналық бірлестігі» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынының директоры (Итбаев Д. - келісім бойынша) «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағына:

1) 2011 жылғы сәуір-маусым және қазан–желтоқсан айлары кезеңде шақырушыларды медициналық куәләндыру жүргізу үшін маман дәрігерлерді және медбикелерді 2-қосымшаға сәйкес бөлсін;

2) 2011 жылғы сәуір-маусым және қазан–желтоқсан айлары кезеңде «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне әскерге шақырушылар жасына толған диспансерлік есепте тұрған адамдардың тізімін, сол сияқты ауыратын шақырушылардың жеке карталарын (Ф . 0 2 5 у ) ж е т к і з с і н ;

3) шақыру кезінде стационарлық емделуде жатқан әскерге шақырушылар туралы мәлімет үш күннің ішінде «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне хабарлансын;

4) әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге аттандыру күні соңғы тексеруден өткізуге кезекші дәрігер тағайындасын.

4. «Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекеме бастығы (Сейлханов Е. - келісім бойынша):

1) шақыру кезінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полиция н а р я д ы н б ө л с і н ;

2) әскери міндеттілік атқарудан бас тартушы адамдарды іздестіру және шақыру п у н к т і н е ж е т к і з с і н ;

3) жеті күндік мерзім ішінде «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырушылар туралы хабарлансын.

5. Мемлекеттік орган және меншік түріне қарамастан ұйым басшылары әскерге шақырушыларды іс сапардан (еңбек демалысынан) шақырып алу, оларға хабарлауды ұйымдастыру және шақыру қосынына дер кезінде келуін қамтамасыз е т у г е т и і с .

6. Ауылдық округ әкімдері «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша шақырушыларға шақыру учаскесіне шақырылуы туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

7. «Тарбағатай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Қ. Мауадинов) 2011 жылдың аудандық бюджетінде осы іс шараларды өткізу үшін белгіленген мөлшерде қаржыландыруды уақытында өткізсін.

8. «Тарбағатай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік

мекеме бастығы (А. Қарабиев) аудан әкіміне 2011 жылдың 25 маусымында және 2011 жылдың 25 желтоқсанында шақыру қорытындылары бойынша ақпарат берсін.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Әзімхановқа жүктеледі.

10. Қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Сапарғалиев

Келісілді:

Аудандық қорғаныс істері

жөніндегі бөлімінің бастығы

А. Қарабиев

31.03.2011 жыл

Аудандық ішкі істер

бөлімінің бастығы

Е. Сейлханов

31.03.2011 жыл

Тарбағатай аудандық

№ 1 медициналық

бірлестіктің директоры

Д. Итбаев

31.03.2011 жыл

Тарбағатай

ауданы

әкімдігінің

2011

жылғы

01

сәуірдегі

№

115

қаулысына

1-қосымша

## 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру комиссиясының құрамы

1. Қарабиев Абдрахман Жұмашұлы	комиссия төрағасы, Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
2. Тайшөгелов Айдос Жанабайұлы	комиссия төрағасының орынбасары, Аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы
3. Байжуманов Ескал Майданұлы	Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары (келісім бойынша)
4. Жақсылыков Гайдар Камзаұлы	№ 1 медициналық бірлестігінің директорының орынбасары, әскерге шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)
5. Нұрғалиева Күлімхан Жексенбайқызы	комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Аппарат басшысы

Қ. Мауадинов

Тарбағатай

ауданы

әкімдігінің

2011

жылғы

01

сәуірдегі

**Шақыру комиссиясының жұмысына қатысатын  
маман дәрігерлердің құрамы**

1.	Жоламанова Нұргүл Құдайбергенқызы	- невропатолог
2.	Жақиянова Сабира Жақияновна	- отолоринголог
3.	Аширов Ақылжан Габдимович	- стоматолог
4.	Габдулов Дулат Габдулович	- хирург
5.	Омарбеков Алдаберген Омарбекұлы	- терапевт
6.	Берікбаев Нұрлан Ғазизұлы	- окулист
7.	Молдекин Мейрғазы Асылғазыұлы	- рентгенолог
8.	Сатиев Ерлан Хамзаұлы	- рентген-лаборант
9.	Ахметжанова Оралхан Нұрамбасовна	- психиатр
10.	Шаймарданова Гүлнар Абайқызы	- дерматовенеролог
11.	Жаназарова Дина	- лаборант
12.	Мукушова Раушан Болатбекқызы	- медбике
13.	Габдуллина Нұргүл Токтамұратқызы	- медбике
14.	Қасымжанова Шынар Ақманқызы	- медбике
15.	Оразбаева Назым Серікқызы	- медбике
16.	Нұрғалиева Күлімхан Жексенбайқызы	- хатшы

*Аппарат басшысы**Қ. Мауадинов*